

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 401 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қаржы орталығы" акционерлік қоғамы 2006 жылға сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік білім және мемлекеттік студенттік кредиттер бойынша сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қызметтерін көрсетуші болып белгіленсін .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен: осы қаулыға 1-тармақта көрсетілген заңды тұлғамен 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде сенім білдірілген өкілдің (агенттің) қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау
қ а ғ и д а т ы н с а қ т а у д ы ;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі